

**Түркістан облысы Шардара ауданы білім бөлімінің
ЖШС «Арыстан» бөбекжай балабақшасының өзін-өзі бағалау нәтижелері
туралы
ҚОРЫТЫНДЫ**

Шардара ауданы

27 мамыр 2024 жыл

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – *Бағалау өлшемшарттары*), Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы бекітілген екінші жартыжылдыққа арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2024 жылғы 20 мамырда ЖШС «Арыстан» бөбекжай балабақшасында (әрі қарай-балабақша) өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау балабақшаның 2024 жылғы 17 мамырда №18
бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен төмендегі құрамда өткізілді:

Комиссия төрайымы: **А.Курмантаева, балабақша меңгерушісі**

Комиссия мүшелері: **А.Нурманова, балабақша әдіскері**
С.Ешберген, балабақша психологы
А.Макарова, балабақша тәрбиешісі
А.Тенгизбаева, балабақша тәрбиешісі

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

ЖШС «Арыстан» бөбекжай балабақшасының үш жылдық оқу-процесін зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау қортындысын ұсынады.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.

1) Білім беру ұйымының толық атауы: ЖШС «Арыстан» бөбекжай балабақшасы

- 2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы, нақты орналасқан жері). Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Қоссейіт ауылдық округы, Қоссейіт ауылы, Д.Қонаев көшесі, 40 үй
 - 3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон:87089323657, электрондық пошта: arystan_too@mail.ru , web-сайт): <https://arystan-bobekzhay.kz>
 - 4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының аты-жөні, қызметіне тағайындалғаны туралы бұйрықтың көшірмесі).
А.Курмантаева меңгеруші қызметіне 2024 жылғы 19 қаңтар №2 бұйрығымен тағайындалған.
 - 5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі). «Азаматтарға арналған үкіметтік» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалының Шардара аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі, БСН: 141240016658;
 - 6) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2024 жылғы 24 сәуірде №KZ30RVK00057565 хабарлама берілген.
- 2 Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:**
- 1) **ЖШС «Арыстан» бөбекжай балабақшасы»** 2014 жылы 19 желтоқсаннан бастап жұмыс жасап келеді. 6 топ жұмыс жасайды, 131 бала тәрбиеленуде. ЖШС «Арыстан»бөбекжай балабақшасы педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:
 - ҚР «Білім туралы» Заңына;
 - балабақшаның жарғысына ;
 - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
 - Үлгілік оқу жұмыс жоспарына;
 - Ішкі тәртіп ережелеріне;
 - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына;
 - ҚР Білім және ғылым министрлігі, Мектепке дейінгі балалық шақ орталығы әзірлеген әрбір оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатына сәйкес ұйымдастырады.Тамыз айынан бастап балаларды балабақшаға қабылдау жүргізіліп, балалардың жас қағидағтары бойынша топқа жасақталады. Оның ішінде:
 - «Бүлдіршін» орта жас топ;
 - «Балапан» орта жас топ;
 - «Балауса» ортаңғы топ ;
 - «Қарлығаш» ересек топ;
 - «Ақбота» ересек топ;
 - «Ақкөгершін» МАД топ.

2021-2022 оқу жылында ЖШС «Айнабек ата» бөбекжай балабақшасында оқыту мен тәрбиелеу процесі Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы мен осы министрлықтің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және Мектепке дейінгі балалық шақ орталығы ұсынған «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хатты және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығына енгізіліп топтардың оқу жоспары дайындалды.

Жылдық жүктеме сағаттары:

«Балапан», «Балауса», «Қарлығаш», «Бүлдіршін» (3 жастан бастап) ортаңғы топтарында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша -108 сағат, «Коммуникация» - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» -108 сағат, «Әлеумет»- 18 сағат, вариативтік компонент – 18 сағат, барлығы – 432 сағатты құрайды.

«Ақкөгершін», «Ақбота» (4 жастан бастап) ересек топ (4-5 жас) «денсаулық»-108 сағат, «қатынас»-90 сағат, «таным»- 90 сағат, «шығармашылық» -126 сағат, әлеумет -18 сағат, вариативтік компонент «Логикалық ойындар», «Ермексаз ғажабы» 72 сағат, барлық жылдық оқу жүктемесі -504 сағатты құрайды.

Топтарда ұйымдастырылған іс-әрекетінің жалпы көлемі - ортаңғы топта – 12; ересек топ-14.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы- ортаңғы топ – 15-20 минут; ересек топ 20-25 минут.

2022-2023 оқу жылында ЖШС «Арыстан» бөбекжай балабақшасында оқыту мен тәрбиелеу процесі «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; («Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы) КҮШІН ЖОЙҒАН.

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы); енгізіліп топтардың оқу жоспары дайындалды.

«Балауса», «Балапан», «Бүлдіршін» ортаңғы тобында «Физикалық» дағдыларын дамыту бойынша – 108 сағат, күн сайын, «Коммуникативтік» дағдылары бойынша – Күн сайын, «Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша – Күн сайын, «Шығармашылық» дағдылары бойынша -36 сағат, «Әлеуметтік» дағдылар бойынша – Күн сайын, ұйымдастырылған іс-әрекет жоспары негізінде барлығы толық қамтылған.

Ересек «Ақбота», «Қарлығаш» тобында «Физикалық» дағдыларын дамыту бойынша - Күн сайын, «Коммуникативтік» дағдылары бойынша – Күн сайын, «Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша – Күн сайын, «Шығармашылық» дағдылары бойынша -108 сағат, «Әлеуметтік» дағдылар бойынша – Күн сайын, ұйымдастырылған іс-әрекет жоспары негізінде барлығы толық қамтылған.

МАД «Ақкөгершін» тобында- «Физикалық» дағдыларын дамыту бойынша – 108 сағат, күн сайын, «Коммуникативтік» дағдылары бойынша – 324 сағат, күн сайын, «Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша – 180 сағат, күн сайын, «Шығармашылық» дағдылары бойынша -108 сағат, «Әлеуметтік» дағдылар бойынша – Күн сайын, ұйымдастырылған іс-әрекет жоспары негізінде барлығы толық қамтылған.

Барлық топтарда ұйымдастырылған іс-әрекет қызметіне сәйкес оқу жүктемесінің көлемі сақталған. Ұйымдастырылған іс-әрекет мазмұнына сай жан-жақты дамытуға бағытталған “Физикалық қасиеттер”, “Коммуникативтік”, “Танымдық және зияткерлік”, “Шығармашылық” және “Әлеуметтік-эмоционалды” дағдылар негізінде барлық жоспар толық қамтылған.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру Келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сенсорика;
- 6) математика негіздері;
- 7) құрастыру;
- 8) қоршаған ортамен таныстыру;
- 9) сурет салу;
- 10) мүсіндеу;
- 11) жапсыру;
- 12) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы-
ортаңғы топ – 15-20 минут;
ересек топ 20-25 минут құрайды

Балалардың балабақшадағы күн тәртібі Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2017 жылы 17-тамыздағы №615 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын және әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып жасалды.

2023-2024 оқу жылында «Арыстан»бөбекжай-балабақшасында

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: - физикалық дамыту; - коммуникативтік дағдыларды дамыту; - танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; - шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; - әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады. Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене шынықтыру нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортаңғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады. Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды даярлық тобында

Сауат ашу негіздері аптасына екі рет өткізіледі. Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды даярлық топтарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. «Жаратылыстану» ұйымдастырылған іс-әрекетінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады.

Қорытынды: Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (2-қосымшасы) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.

- 2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – ЖТД үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген стандарттың басты міндеттерінің бірі инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен

бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқалы педагогикалық процесі ғылыми негізінде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасалды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы негізгі міндеттер мен мақсаттар:

- Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру, олардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негізінде, қауыпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

балалардың қымыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;

- отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;

- баланың мектепке оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, оның ішінде:

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау; мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, іс әрекетіне дайындау;

креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру.

Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: күн тәртібі мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары, «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша және 2023-2024 жылғы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартқа сай атқарылған жұмыс жоспарларының көшірмелері <https://arystan-bobekzhay.kz> сайтында жүктелген.

ЖШС «Арыстан» бөбекжай балабақшасында мемлекеттік аттестаттау кезінде оқу-әдістемелік жұмыстың нәтижелігін анықтау мақсатында оқу-әдістемелік құжаттарына талдау жасалынды. Әдістемелік жұмыс төмендегі бағыттар бойынша жүргізіледі:

Балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен №499 бұйрық «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» және мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Балабақша ұжымының барлық жұмысы алға қойған мақсатқа қол жеткізуге бейімделген: мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық жан-жақты дамуы, оның физикалық және эмоционалдық денсаулығын сақтау және нығайту үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларының – педагогтардың, ата-аналардың және балалардың өзара тиімді әрекетін қамтамасыз ету болып табылады.

Балабақша тәрбиешілері іс әрекеттерді балаларға салмақ салмай, тәрбиелік, дамытушылық, білімділік мақсаттар мен міндеттердің бірізділігін қамтамасыз етіп жобалайды. Педагогикалық үдерісте заманауи тәсілдерді қолданады. (мнемокарта, жиынтығы, тілдік, музыкалық дидактикалық ойындар, қимылды ойындар)

2023-2024 оқу жылында балабақшада іс әрекеттер- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізілді (ҚРБҒМ 2016.12.08 №499 бұйрығымен бекітілген). Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру- Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру Келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Балаларды тәрбиелеу мен оқытуда психологиялық-педагогикалық жағдай жасауда балабақша ұжымының мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау болып табылады. Балабақшада әр баланың өмірде табысты қалыптасу негізі ретінде толыққанды физикалық және психикалық дамуы үшін тең бастапқы жағдайды қамтамасыз ете отырып, олардың құқықтарын іске асыруға тырысады. Ұжым мүшелері мен

балалар ара қатынасы өте жақсы, балалар балабақшаға тез үйренді, күн тәртібіндегі іс шараларға белсенді қатысады. Бөбекжай-балабақшада атаулы күндер мен мемлекеттік мерекелерге арналған музыкалық-әдеби және театралдық кештер өткізу игі дәстүрге айналды. Балалар арасында құрдастарына деген ізгі ниет пен достық қарым-қатынас тәрбиелеу мақсатында балалар туған күн кеші жүйелі ұйымдастырылады.

Балабақшада іс әрекеттер балалардың жас ерекшелігіне қарай ұйымдастырылады. Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге Келесі негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылды:

ойын арқылы оқыту,

білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту.

Білім беру мекемесінің өзін-өзі бағалау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды: топтардың жалпы жағдайларын бақылау, күн тәртібінің сақталуы, тәрбиешілермен мамандардың балалармен тәрбие – білім жұмыстарын жүргізу барысында заттық-дамытушы орталықтарын толықтырып, дидактикалық ойындар, картотекалар, мнемотехника жиынтығы кеңінен қолдануда.

Балалардың бойында креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік – тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру.

Баланы креативті, дербес, тіл табысқыш етіп тәрбиелеп, басқаларды тыңдауға және командада жұмыс істеуге үйрету үшін жұмыста білім берудің заманауи үлгісінің қағидағтарын пайдаланылады, немі жаңартылып отыратын Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік бағдарламасы білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен мектепте оқыту жүйесіне ауысқан кезде бала шығармашылық пайымдауға, жетілдірілген қиялдауға, бастамашылдыққа, білімпаздыққа және басқа да маңызды қасиеттерге ие болуын талап етеді.

Баланы креативті етіп тәрбиелеу үшін педагог өзіндегі салғырттықты, балаларды тәрбиелеудегі және оқытудағы шаблондар мен ресмилікті үнемі жеңіп отыруы тиіс. Тәрбиешіге өзін-өзі кәсіби жетілдіру барысында балаларға өзінің маңыздылығына және өз идеяларының қызықты екеніне сенімділігін сақтауға көмектесетін конструктивтік тұлғалық мақсатты дамыту қажет. Осы мақсатта біздің мектепке дейінгі ұйымның мамандары креативтіктерін іс-әрекеттің түрлері арқылы дамытады:

- жарамсыз материалмен өнімді ерекше іс-әрекет;
- рефлексивтік ойындар мен минуттар;
- лабиринт ойындар;
- ертегілер мен өлеңдерді ойлап табу; жаратылыстану-ғылыми материалға сараптама жасау.

Пәндік-дамытушы ортада баланың құрдастарымен, заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісуге жағдай жасалынған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: дүкен, шаштараз,

дәріхана, табиғат бұрышы, керекті құралдармен жабдықталған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында Триз «Қызықты математика» құралдары, ұяшықтарға салынатын пішіндер, кестелер. Моонтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу алма ағашына алмаларды орналастыру, балық аулау, логикалық қызықты ойындар және т.б күннің екінші жартысында қолдану ұйымдастырылған.

Педагогтар төмендегідей мақсатты алға қоя отырып, жұмыс жасайды: Әрбір баланың тұрақты белсенділігін, оның бейімделу мүмкіндігін дамыту үшін оңтайлы денсаулықты жасау ортасы мен денсаулықты сақтауды нығайту.

Өзіне және қоршаған адамдарға пайдасын тигізу үшін, мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тарту мақсатында еңбек қызметінің түрлері мен мазмұнын жандандыратын үйлесімді бағытты енгізу.

Ата-аналардың балаларға инновациялық көзқарасын қалыптастыру, мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекеті мазмұнымен түрлерін меңгеруде үйлесімді бағыт іздеу.

Ойын құралдарына келетін болсақ, топта денсаулық аймағы бойынша таңертенгілік жаттығуларға арналған құралдар сылдырмақтар, жалаушалар, доптар бар. Қимылды ойындар атрибуттары және ойындар мазмұндары жазылған жинақтар жасалынған. Оқу қызметінде пайдаланылатын дидактикалық және үлестірмелі материалдарында даму ойындары қойылған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласындағы бастамаларын қолдай отырып, оның идеяларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары жазылып, қыркүйек айында «Мен өз елімнің патриотымын» ашық тәрбие сағаты өтіледі, «Рухани адамгершілік құндылықтары» туралы әңгімелер, «Елімнің бақытын тербеткен - Тәуелсіздік» Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арнап іс-шара өткізілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру өткен оқу жылында «Отбасы рухани жаңғыру негізі» тақырыбында спорттық мереке және флешмоб өткізілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында балабақшаның жылдық мақсаты тандап алынды. Жаңа заман талабына сай баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, адамгершілік сынды қасиеттерді саналарына сіңіріп, жаһандану заманында өз елін сүйетін, үлкенді сыйлайтын «Мәңгілік Ел» ұрпағын тәрбиелеп, балаға жүйелі білім бере отырып, дені сау, білімді, өнерлі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосуды балабақшаның басты мақсаты болып табылады.

Бөбекжай балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналған мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім,білік және дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Туған жер» бағдарламасы арқылы балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Міндеті:

1. Балалардың физикалық және психоэмоционалдық саулығын нығайту; Мәдени-гигиеналық дағдыларға тәрбиелеу, салауатты өмір салты туралы түсініктерді қалыптастыру.

2. Балаларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу; Патриоттық, толеранттық, рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру.

Мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелілігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін дөңгелек үстел, пікір талас, іскерлік ойын, бағдарламалар презентация түрінде қарастырылған.

Балабақшадағы ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекеттер, ойын - сауық ертеңгіліктер жоспар бойынша әр оқу жылында өз деңгейінде өткізілген.

Балалардың денсаулығын нығайту балабақшаның жылдағы міндетінен алынбайды. Жыл сайын күрделеніп мақсатқа қойылып келеді. Жылдық мақсатты орындау балабақша ішілік семинарда жолға қойылған.

Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптасытыруға арналған жұмыс түрлері жақсы жүйелі жолға қойылған. Дене шынықтыру сауық кештері мен денсаулық күндері жоспарлы түрде сауықтыру – шынықтыру әрекеттерін қолдана отырып спорттық сайыстар: «Жазбен кездесу», «Спортта суықпен шайқасамыз», «Бейберекет мереке», «Бантик күні» өткізілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп Ұйымдастырылған іс әрекеттестікпен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету мақсатында балабақша тәрбиешілері болашақ мектеп оқушыларын қалыптастыру мақсатында мектептің дайындық тобы тәрбиешілерімен тығыз қарым қатынаста болады. Мектеп педагогтарын, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға, «Ашық есік күндеріне» шақырып өз тәжірибелері мен ұсынастарымен бөліседі

Мектепке дейінгі баланың ақыл – ой тәрбиесі қазіргі заман талабы және ең өзекті мәселе, ең қажеттісі баланың ақыл ойын дамыту болса, негізгі ақыл үлкендердің, тәрбиешілердің шебер басшылығы, өзіндік талпынысы қажет. Балабақша педагогтары осы мақсатты негізге ала отырып, бірлесе ашық іс әрекеттерін ұйымдастырған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында ТРИЗ «Қызықты математика» құралдары, ұяшықтарға салынатын пішіндер, кестелер. Дәстүрден тыс әдістер пайдалану сенсорлық тәрбие мен Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден

тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында-түймелеу алма ағашына алмаларды орналастыру, сыдырмақтар және т.б күннің екінші жартысында қолдану пайдалануда, тәрбиеленушілердің деңгейлеріне орай тапсырмалар беріліп, топтық ұжымдық жұмыс жасауды қалыптастыруда.

Талдау нәтижелері: Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде, білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі-нің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығындағы өзгертулермен) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылады. Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде перспективалық жоспар, циклограмма құрылған. Перспективалық жоспарда балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдылардың меңгеру бойынша оқу бағдарламасының міндеттерінің орындалуы қарастырылған.

2023-2024 оқу жылында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына негізделген тәрбие мен оқытудың мазмұны «Физикалық қасиеттер», «Коммуникативтік», «Танымдық және зияткерлік», «Шығармашылық» «Әлеуметтік-эмоционалды» дағдыларын қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет қызметіне негізінде перспективалық жоспар, циклограмма құрылған. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдыларын меңгеру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет қызметінің міндеттерінің орындалуы қарастырылған.

2021-2022 оқу жылы бойынша:

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында балаларда ұлттық салт-дәстүрлермен жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу бойынша жұмыс атқарылған. Балаларда 4 К моделі бойынша негізгі құзыреттерді қалыптастыру «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларында жүзеге асырылды. Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты, шектеу шаралары кезеңінде балабақшада балалармен тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар негізінде жұмыс атқарылды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес бес білім беру саласының іс әрекетіндегі пәндердің өтпелі перспективалық жоспары, циклограмма мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесіндегі сағат сандары мен пәндері сәйкес келеді.

Осы оқу жылы барысында «Балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын

ұйымдастыру-да денсаулықты сақтау технологиясының әдістерін қолдану” тақырыбы бойынша жылдық жұмыс жоспары аясында жұмыс атқарылды.

2022-2023 оқу жылы бойынша:

Балабақшада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасы құрылды. Балаларда командада жұмыс істей білу, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, креативтілікті қолдау, өз бетінше саналы таңдау жасай білу дағдыларын қалыптастыру яғни 4К моделі бойынша негізгі құзыреттерді қалыптастыру бес білім беру саласында жүзеге асырылуда.

2021-2022оқу жылында“Балабақшада тәрбиелеу – оқыту үрдісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, ұлттық тәрбие негізінде тәрбиеленушілердің шығармашылық – танымдық қабілеттерін дамыту, белсенді іс-әрекетке шоғырландыру және денсаулығын нығайту” тақырыбында жоспарға негізделе отырып барлық оқыту және тәрбиелеу шаралары жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылы бойынша:

Балабақшада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайлары жасалды. Балаларға бағытталған дамытушы заттық-кеңестік орта, оның ішінде арнайы орта құрылды. Олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктілігі мен дағдылары қалыптастырылды, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, әлеуметтік эмоционалды дағдыларын қалыптастырып, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістері қолданылды. Балалардың қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, отбасылық құндылықтарын, отаншылдыққа баулу және Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында жүзеге асырылды.

2023 жылы балалар жылында балабақшада дамыта оқыту технологиясының элементтерін пайдалану және салауатты өмір салтын қалыптастыруына ықпал жасау тақырыбы бойынша жылдық жоспарға негізделе оқыту және тәрбиелеу жұмыстары атқарылды.

Қорытынды. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарау 5 тармақтың 7 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы «Мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты» 4-бабының 6- тармағына және 14- бабының 1- тармағына сәйкес келеді.

3) **МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру**

Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар, сондай-ақ жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері.

Заттай кеңістікті дамытпалы орта – мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, эмоциялық, әлеуметтік және зияткерлік дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі. **Топтарда бес білім саласына қатысты керекті құралдарды жинақтап дамытпалы орта ұйымдастырылған.**

Кіші топтарда балалардың жас ерекшелігіне іс-қимылға қажеттілікті қанағаттандыру үшін топта барынша кең кеңістік қарастырылған. Дамыту орталығындағы заттардың бояу түстері жылы, жұмсақ реңктерде болуына, заттардың пішімі мен дизайны балалардың қауіпсіздігі мен жасына қарай таңдалған. Топта сенсорлық, денсаулық және ойын бұрыштары жасақталған.

Ересек топтарда кеңістікті-дамытпалы орта әрбір бала сүйікті ісімен шұғылдану үшін мүмкіндігі болатындай етіп ұйымдастырылған. Білім салалары бойынша жинақталған көрнекіліктер (даму орталықтары) жабдықтарды орналастыру балаларға ортақ қызығушылықтары: құрастыру, сурет салу, қолмен жасайтын жұмыс, ойын-театрлық іс-қимыл, сараптама жасау бойынша шағын топтарға біріктірілуге мүмкіндік береді.

Коммуникативтік дағды бойынша топта – сюжеттік-рөлдік ойындар, «шапшараз, дүкен» ұйымдастырылған. драмалау ойындарының орталығы – дамытпалы ортаның маңызды объектісі,. Театраланған бұрышта шымалдықтар, ертегі кейіпкерлерінің маскалары, театрдың түрлі – қуыршақтық, саусақтық, үстел үсті, көлеңкелі түрлері орналастырылған.

